

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Барух Спиноза (1632–1677)

2-тарау. Жаңа дәуір философиясы.  
Ағартушылық философия



## Этика (1677)

### Жүйе-кітап: Құдай тәрізді ойлап үйрену

«Этика» – терең ой сүзгісінен өткізілген, тың мәселелер қозғалған философия тарихындағы маңызды кітаптардың бірі екені сөзсіз. Спинозаның философиялық жүйесіне тең келер ілім жоқ. Философ «шексіз рационализмді негіздеп, оны барынша ақтап алғысы келген ниеттен туындаған өз жүйесін құрды» деп жазған Фердинан Адьквийе өз ойын былай жалғастырады: «Спиноза абсолюттік рационализм жолын насихаттады... мен өз тарапымнан бірде-бір философиялық жүйе – танылмайтын, тылсым нәрсені ескермесе, ақиқатқа жете алмайды деп есептеймін. Спиноза өз жүйесінен бұл екеуін де шығарып тастады. Басқаша айтқанда, бізді Құдай тәрізді ойлауға үйретуге тырысты». Оның еңбектері дәстүрлі латын тілінде жазылғанымен, аға буын философтардың ілімдерімен мүлдем сәйкес келмейтіні анық. Оны Декартпен байланыстырып тұрған жалғыз нәрсе – оның өз дәлелдерін «геометриялық» жолмен негіздеуі ғана.

«Этиканың» толық атауы – «Геометриялық тәсілдермен көрсетілген Этика», бұл – қатаң жүйеде жазылған кітап. Ол алғы сөзден, анықтамалардан, аксиомалар, постулаттар, теоремалар мен олардың дәлелдерінен, схолиялар (түсіндірмелер) мен королларийлерден, яғни қорытындылардан тұрады. Барлық дәлелдемелер мен ұғымдар нақты анықталып, тәртіп бойынша құрылған және өзара тығыз байланысқан. Мұндай тәртіпке келтірілген құрылым авторға үлгілі философиялық жүйені құруға мүмкіндік берді. Әрине, философияны қатаң математикалық ғылымға айналдырғысы келген жалғыз Спиноза емес еді. Кант та осындай жүйені жасауға ұмтылды. Бірақ неміс философы, біріншіден, кейінірек өмір сүрді, ал, екіншіден, өз жүйесін толық бірізділікке келтіре алмады. Сонымен қатар өзіндік зат пен феномен жайындағы өз іліміне қайшы келіп, сенімді көмекке шақырумен аяқтады.

«Жүйені» басқа да көптеген философтар құруға тырысты. Алайда Спинозаның іліміндегідей айрықша қатаңдыққа ешкім жете алмады. Тіпті әлдеқайда жақсы құрылған философиялық жүйелердің өзінде қарама-қайшылықтар, көмескілік, тыйым салынған, тануға келмейтін түсініксіз жайттар жиі кездесіп жатады. Осы мақсатқа талпынған, бірақ жете алмаған Хайдеггер де Спинозаның жүйесін тарихтағы ұлы философиялық жүйелердің бірі деп мойындайды.

### «Этикада» бастысы – форма емес, мән

Спинозаның осы шығармасының формалық кемелдігі бізден оның жүйесінің шынайы мәнін көлегейлеп жасырады. «Этиканы» асықпай мұқият оқу барысында ақырында бұл жүйеден бүтін мен бөлікті біріктіруге деген әділ үндеуді көрдік және сөзбен жеткізуге келмейтін әсері туралы масаттана айта бастадық», – деп жаза келе Робер Мизрахи «Этиканың» жазу мәнеріне қайран қала отырып, оның мән-мағынасын назардан тыс қалдыру – үлкен қателік екенін атап өтеді. Бұл кітап – оның көркемдігін тамашалаудан гөрі, құмарта оқып шығып, ішкі мазмұнын ашып түсіндіруге тұрарлық еңбек. Әрине, Спиноза көрнекілікке барынша мән берген. Оған сөз жоқ. Бірақ ол сонымен бірге бізге даналық құнарының бір тамшысын болса да қалдырғысы келеді. Егер кітаптың құрылымына ғана көңіл бөлсек, онда оның мәнін назардан қалдыруымыз мүмкін: «Этика дегеніміз – қисынды сөз, оның жүйесінің өзі жанды философия. Ол сөйлеуге де, тыңдауға да қабілетті адамдарға арналған, соларға етене жақын». Кітаптың әлі күнге қызықтыра тартатыны осыдан. Міне, сондықтан да оны тәржімалап, жарыққа шығару күні бүгінге дейін үздіксіз жалғасын тауып келеді.

### Спиноза парадоксы

«Этиканы» қырық жыл бойы зерттеп келе жатқан және осы кітаптың француз тіліне соңғы аудармасын жасаған Робер Мизрахидің Спинозаның ғажайыптығы туралы айтуына толық қақысы бар: «Этиканың» жүйесі – осы сөздің тура және заманауи мағынасында экзистенция, яғни тіршілік жүйесі. Экзистенция – экзистенциализмнің негізгі категорияларының бірі.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 6. Барух Спиноза (1632–1677)

Табиғаттың біртұтас және шексіз жүйесі философқа адамның әлемдегі орнын анықтау үшін қажет. Спиноза тұлғаның өз тіршілігі, танымы мен қарекетін өзі басқара алатынын көрсеткісі келеді. «Этика» кітабы этиканың тура өзіне арналған. Оның мақсаты – қуанышты жанымен қалаған және соған ұмтылған адамға өз тіршілігін түсінуге және дұрыс бағыт беруге көмектесу. Жан қалауының нақ осы талпынысы Спинозаға адамзатты құтқаратындай көрінеді: Адам әрқашан кемелдікке ұмтылуы тиіс. «Этиканың» жүйесі – дана жүйе. Спиноза бізге өзіміздің құлдық бұғауда екенімізді мойындап, одан құтылуға үндейді. Сонда ғана біз қуанышқа бөленіп, Болмыспен рақаттана табыса аламыз. Бізді құтқаратын құр Сенім емес. Бұл – төзімділікті, табандылық пен батылдықты талап ететін ұзақ жол. Әйтсе де жігерсіз, бойкүйез үмітсіздіктен ада, сенімі кәміл, қуанышқа толы әрі парасатты өмірге жеткізетін осы жолмен кез келген адам жүре алады.

## Қоғамнан қуылған жан

Осы бірегей жүйені мазмұндауға кіріспес бұрын, соны өмірге әкелуші жөнінде қысқаша баяндайық. Өйткені оның өмір тарихы көп нәрседен хабардар етуі мүмкін. Спиноза рухы мықты жан болған. Оның тұлғасы оқырман көз алдына елестеткендей, жападан-жалғыз, тыныш, әбігерсіз ғұмыр кешкен философтың бейнесіне мүлдем ұқсамайды. Ұлы ойшыл ауыр сырқаттан азап шекті.

Оның көзін жойғысы келгендер болды. Діни қауымнан аластатты. Замандастарының көпшілігі оның ілімін теріске шығарды. Спиноза Амстердамда, босқын-маррандардың отбасында өмірге келді. Маррандар – католик дініне күшпен кіргізілген, бірақ құпия түрде яһудилікке адал болған испандық және португалдық еврейлер. Ол өмір бойы Голландияда тұрды. Бозбала еврей училищесінде жақсы білім алды. Өмірін философияға арнағысы келген ол ұстазы атеист Ван ден Энденнен латын тілін және картезиандық мектептің ілімін үйренді. Оның барлық достары, кейін шәкірттері де әртүрлі протестанттық секталардан еді. 1656 жылы философты ресми түрде лағынеттеп, еврей қауымынан аластатады. Осы жылы бір жанкешті иудей оның өміріне қастандық жасамақ болады. Нәпақа табу мақсатымен әрі ешкімге кіріптар болмас үшін Спиноза, алдымен, әкесінің дүкенінде жұмыс істейді. Аз уақыт өткен соң саудасаттықты қойып, жеке ісімен – оптикалық линзаларды өңдеумен айналысады. 1673 жылы Гейдельберг университетінде сабақ беру ұсынысынан бас тартады. Осы жылы Утрехтте ол аса құпия жағдайда ханзада Кондемен қандай да бір мәселе жайында ұзақ әңгімелеседі. 1661 жылы «Этиканы» жазуды бастаған философ шығармасын 1675 жылы аяқтап, кітабын баспаға әзірлейді. Өкінішке қарай, әлі басылып шықпаған кітапқа қарсы көзқарас, дау-жанжал, авторды қуғын-сүргінге ұшырату туралы айғай-шудың көп болуы бұл ниетінен бас тартуына алып келді. 1676 жылы философтың үйінде Лейбниц қонақ болады. Спиноза оған «Этикасынан» үзінділер оқып береді. Философтың бүкіл ғұмыры Нидерландыда өтті. Алдымен Рейнсбургте, 1660 жылдан Форбургте және 1670 жылдан өмірінің соңына дейін Гаагада тұрды. «Этика» бірнеше трактаттан тұратын циклды аяқтайды. Олардың екеуі ғана «Рене Декарт философиясының негіздері» және оны танымал еткен, әрі көп дау-дамай туғызған «Діни-саяси трактаты» автордың көзі тірісінде жарық көрген болатын. Спиноза 1676 жылы 21 қарашада өкпе дертінен қайтыс болды. Философтың досы Людовик Мейер оның қолжазбаларын жинақтайды. 1677 жылдың қараша айынан бастап, осы қолжазбаларды баспагер Ян Рюйверц жариялай бастайды. Кейінірек бұл қолжазбалардың түпнұсқалары жоғалып кетеді.

## Геометриялық тәсілмен көрсетілген «этика» 5 бөлімнен тұрады

### 1. Құдай

«Этиканың» бірінші бөлімі Құдай туралы толғаныстарға арналған. Осы әлемнің іргетасын қалаған – Құдай. Ол – философиялық танымның негізі және бастапқы тұғыры.



Автордың этикалық пайымдаулары онтологияға, яғни болмыс туралы ілімге сүйенеді. Құдай идеясы – ең бірінші және ең кемел идея. Сол идеядан бастап және логикалық тәртіпке сүйене отырып, барлық тіршілік туралы білімді шығаруға болады. Осы бірінші идея – шын мәніндегі табиғат идеясы: «Құдай, яки Табиғат. Этиканы философиялық тұрғыдан зерттеу логикалық прогрессия түрінде бейнеленген. Ол – табиғат туралы ілімнің бір бөлігі. Табиғат дегеніміз – Барша тіршілік. Ол шексіз. Оның басы да, соңы да жоқ. Оған тән кемелдік оны метафоралық тұрғыда Құдай ұғымымен теңестіруге мүмкіндік береді.

«Deus sive Natura» – Спинозада субстанцияның монизмін білдіреді. Автор трактатында «субстанция», «атрибуттар», «шексіз модустар», «соңғы модустар» және т.б. логикалық терминологияны пайдаланғанымен, мұны баяндауға ыңғайлы болу үшін жасайды. Оның тұжырымды жүйесі Табиғат болмысын, оның шексіз және қосамжар бірлігін, мысалы: заттардың тәртібі мен реттілігі ұғымдардың тәртібі мен реттілігімен бірдей игеру мақсатын көздейді.

Құдай – Табиғаттың жарқын бейнесі берекеге, тұрақтылыққа, құдіреттілікке және кемелдікке толы. Құдай – тұлға емес, ол шектеулі тіршілікпен салыстыруға келмейді. Бұл – Болмыс. Басқа сөзбен айтқанда, Болмыстағы Барша тіршілік. Субстанцияның атрибуттарында шек жоқ. «Этика» адамға қатысты атрибуттарды ғана зерттеуге арналған. Танылатын тылсым атрибуттар – ойлау мен кеңістікте адам болмысын құрайды. Құдайдың мәні – оның өзінің бар болуында. Құдайдың құдіреттілігінің мәні де осында. Болмыс моральдық құндылықтардың негізі бола алмайды. Оның ақырғы мақсаты да жоқ. Болмыстың өзі – шексіздігі, қажеттілігі, сан алуандығы сияқты жақсы ұйымдастырылған көріністері бар табиғат. Философиялық дәстүр мен қарапайым сана Болмысты биік дәрежеде тануға жете қойған жоқ. Өйткені оларға ақырғы мақсат бар деген соқыр наным кедергі жасайды. Бұл сенім өз кезегінде эмпирикалық Тілекке сүйенген білім туралы қияли, проективті, антропоморфты түсініктен пайда болған. Болмысты білу дегеніміз – тұжырымдай келгенде, кемел мән туралы кемел білім, яғни әлемнің кемелдігі жайындағы адекватты білім.

## 2. Рухтың табиғаты мен пайда болуы туралы

Екінші бөлімде танымның анықталған қасиеттері талданады. Алдымен, оның бірінші түрі – сезімдік таным, ойша қабылдау. Танымның екінші түрі – түсіну, оған абстрактілі ақыл-ойдың көмегімен жетуге болады. Үшінші түрі кітаптың бесінші бөлімінде зерттеледі: онда Құдайды тануға және сүюге мүмкіндік беретін «интуициямен пайымдалатын ғылым» туралы сөз қозғалады.

Танудың екінші түрі адам рухын қарастыруға және оны түсіну тұрғысындағы қарекетке кірісуімізге мүмкіндік береді. Адамның бар болуы – Табиғаттағы барша тіршіліктің бір бөлігі. Ол тұтастыққа тәуелді. Осы тәуелділікті түсіну үшін, дұрысы, адам тіршілігінің мәнін анықтаған жөн. Адам болмысы субстанциялы да, дуалистік те емес. Ол – жан мен тәннің уақытша бірлігі. Осы уақытша бірлікте олардың ішкі өзара байланысы болмайды. Жан дегеніміз – идея, яғни тәннің санасы мен оның модификациялары. Оларды зерттегенде физика мен физиология қажет болады. Тән теориясына қатысты таным теориясы екінші орында тұрады. Өйткені адам табиғатта тіршілік етеді. Адам – бірінші кезекте санасы бар тән, тек содан кейін ғана танушы субъект.

Таным теориясы – танымның үш түрі туралы теория. Бұл адекватты білім ретінде түсінілетін ақиқат туралы теория (екінші, содан кейін үшінші түрі). Осы танымның екі түрін адекватты білу жеткіліксіз болады: ол екінші түрде рефлексиямен, ал үшіншісінде интуициямен беріледі, онда ол өзінің өлшемі мен ішкі нұрдың қайнары ретінде көрінеді. Бұл пайымдаудан тілек пен танымға «қабілеттіліктің» жоқ екенін дәйектеуге болады. Тілек пен ойдың тек нақты іс-әрекеттері ғана бар. Тілек пен ой белсенді күш пен нақты іс-әрекет ретінде өмір сүреді.



### 3. Аффектілердің пайда болуы мен табиғаты туралы

Адам тұлғасы дегеніміз – Тілек. Өз болмысында табандылық көрсету оның дәл осы мәнімен анықталады. Тілек Ұмтылысқа ұқсайды, ол – белсенді, күшті, индивид тіршілігін қолдауға бағытталған күш-жігерді көрсетеді. Осы күш-жігер мен Ұмтылыстың көмегімен индивид тіршілік етуге өзінің қабілеттілігін арттыруға тырысады және бұл бір мезетте тұтас екі субстанцияда – ойлау мен кеңістікте көрініс табады. Аффектілер осыған негізгі Тілектің артуы мен кемуінен шығады. Тіршілік ету тілегі жүзеге асқан жағдайда, адам қуанышқа бөленеді. Керісінше, егер адам тіршілік етуге деген қабілетінің азайғанын білсе, ол қайғыға батады. Сөйтіп, негізгі және іргелі үш сезім, Тілек, Қуаныш және Қайғы – адам бойына туа біткен сезімдер. Олардың нақты ерекшеліктері қандай болғанына қарамастан, Махаббат пен Өшпенділіктің формалары болып көрінеді. Аффект дегеніміз – сезіну, тәннің бір нәрсеге бейімділік идеясы. Бірақ аффект туралы әрі шындыққа сыйымды, әрі іштей анық сезілетін, үнемі адекватты, толыққанды, шынайы ақпарат алу мүмкін емес. Тілек пен сезім секілді адамның табиғи қасиеттерін этика ілімі алда әлі де зерттей түседі.

### 4. Адам тәуелділігі немесе аффектілердің күші туралы

Бұлыңғыр білімнен адекватты білімге өтудің өзіндік қажеттілігі мен мүмкіндігі бар. Адамзат жаны өзін тануда қарапайым түсінуден рефлексиялы және ақиқат білімге табиғи түрде өте алады. Төртінші бөлім енжарлық пен тәуелділікке, одан кейін еркіндікке берген анықтамалардан басталады. Содан кейін Спиноза ізгілікке анықтама береді. Бұл – мораль ұғымы емес, философтың түсінігіндегі философия мен этика, яғни болмыстың қуанышы, тіршілік етуі, өзінің өмір сүруге қабілетінің артуы. Ізгілік, олай болса, адамға енжарлық пен тәуелділіктен қарекетке, еркіндікке өтуге мүмкіндік беретін білім мен ойға жетелейді. Ізгілік білімсіз өмір сүре алмайды, өйткені білім ғана тұлғаның энергиясын ары қарай өмір сүруіне қажетті бағытта алып жүре алады. Энергия біздің тілегімізден шығады, ал Тілектің бағыты Ақыл-ойдан келеді. Нақты өмір – біздің тілегіміздің жүзеге асуы, адам неге ұмтылса, сол нәрсе оған қуаныш сыйлауы мүмкін дегенге саяды.

Этиканың негізі – тіршілік етуді қалау, қажыр-қайрат көрсету. Адам болмысы тіршілікте өзінің қабілеттерін ашуымен айқындалады. Спиноза аффектілерді «жақсы» және «жаман» деп екіге бөліп көрсетеді. Содан кейін еркін адамның мінездемесін түгендеп береді: жарқын позитивтілік, зұлымдықтың алдындағы қорқыныштан емес, игілік үшін қуанышқа ұмтылу, адамның өзіне қалаған жақсылықты басқаға да сыйлауға ұмтылуы, соқыр сенімнен бойын аулақ ұстап, қарым-қатынаста бәрі не адалдық таныту, надандарға сенім артпау, дүниедегі қауіп-қатер мен бетпе-бет келген сәттегі естілік, ақиқатты қолдау, атақ-даңқты қумау, тіршіліктің шынайы рақатына ұмтылу, өлімге емес, өмірге көңіл бөлу. Төртінші бөлімнің қосымшасында, бақыт туралы қысқаша трактат жазылған. Онда Спиноза айналасындағыларға қатысты өзін дұрыс ұстай алатын еркін адамның қасиеттерін қысқа да нұсқа атап шығады.

### 5. Ақыл-ой құдіреті, яки адам еркіндігі туралы

Төртінші бөлімде айтылған еркін адам енді нағыз қуанышқа, яғни кәміл қуанышқа – Шаттыққа кенелуі мүмкін. Шаттық немесе Бақыт жай қуаныштан әлдеқайда жоғары тұрады, ол – өмірге деген құштарлығыңның шексіз артуымен өз-өзіңе көңілің толудың биік тұғыры. Бесінші бөлімде адамды рефлексиялы іс-әрекеттен босап (сезімталдықтан адекватты халге өту), өзіңді-өзің толық танытудан туындайтын қуаныш процесі жан-жақты сипатталады. Спиноза адамның кемелдігі деп, оның саналы және рефлексиялы түрде өзін-өзі дамыту арқылы жететін күйін айтады. Кемелдік төртінші бөлімде сипатталған барлық қасиеттерді де қамтиды. Бұған тәнге тәуелді емес, дегенмен болмыстың негізі болып қала беретін ішкі тіршіліктің модальдығы қосылады. Ішкі тіршілік танымның үшінші түрін білуде кемелдікке жетеді. Мұндай таным



дегеніміз – индивидтің жаны мен Табиғаттағы Барша тіршілік арасында байланыс орнататын «интуициялық ғылым».

Осылайша, адам Болмыспен қарым-қатынасында өзін толық игереді. Бұл интуициялық және тұтас бірігу мәңгілік бейнесіндегі болмыспен рақаттану ретінде қабылданады, яғни сезім мен тәжірибе арқылы мәңгілікті тану. Болмыстың тұрақты кемелдігіндегі өмір – әлеммен және өзіңмен қарым-қатынастағы саналы түрде танылған Еркіндік пен Есендік. Философ надандықты қабылдай алмайды. Әр адам – еркін, дана, қуанышты болуға және осы кемелденуге апаратын, өзінің күш-жігерін танытатын жолды жүріп өтетін ержүрек болуға міндетті. Өз болмысында және Бар тіршілікті тануда табандылық көрсетуі тиіс. Осы жолдың соңында – мәңгілік бар. Бұл – эмпирикалық күмәнданудан арылған және адамзат пен бүкіл әлемнің біртұтас болып тоғысуынан жүзеге асқан азаттық.

## 1. Жұмыстың жарық көрген сәтіндегі маңызы (1677)

«Этика» ерік-жігердің еркіндігін терістейді. Дегенмен оның түбегейлі түрде теріске шығаруы авторға шынайы ақиқатты табу жолдары мен шарттарын дәйекті түрде көрсетуге кедергі болмайды. Спиноза еркіндікті адекватты себептен туындайтын және адекватты білімге сүйенетін іс-әрекет ретінде анықтайды. «Этиканың» алғашқы үш бөлімінде адамның еркін бола алатыны және өз өмірінің мәнін тани алатыны жайлы айтылған. Еркіндікке кедергі келтіруші – еркін ерік емес, құмарлық. Тек құмарлық қана тәуелділік туғызады. Олар біздің ішіміздегі және сыртымыздағы табиғат детерминизмінің еркін айқындалуына бөгет жасайды.

«Этика» сана теориясы ретінде Спинозаның «Этикада» ұсынған жолы – танымның біріншісінен екіншісіне, одан соң үшіншісіне дәйекті түрде жай ғана ауысуы емес. Бұл – сана, пайым, ақылдың бір-біріне сүйене отырып, философиялық санаға қалай өтетіні жөніндегі теория. «Этиканың», әрине, сананың қызметін сипаттау тұрғысынан қарастыруға болады. Спиноза ақыл-ой тануға да, құтқаруға да қабілетті деп санайды. Рационализмнің құндылығына сену – міне, «Этиканың» соңғы түйіні осыған саяды. Бұл тұжырым жалпы идеяларға қарама-қарсы қойылған «ортақ идеялардың» даму нәтижесінде алынған. Спиноза әрқашан болмысқа сәйкес келетін, онымен біртұтастықты құрайтын ойды табуға талпынды. Мұнымен идеялар тек мәнді білдіреді деп есептейтін картезиандық жүйеге Спинозаның неге көңілі толмағанын түсіндіруге болады. Себебі Декарт идеяларда ақиқат та, адасушылық та жоқ, тек ой-пікірлер ғана ақиқат немесе жалған болатынын айтады. Тек адамның еркі ғана идея мен заттың арасында байланыс пен сәйкестілікті орнатады. Спиноза, керісінше, ақиқаттылықты идеялардың ажырамас қасиеті деп есептейді.

Ал бұл бізді күмәндануға және идеялардың ақиқаттылығын анықтаудың басқа жолдарына жүгіну қажеттігінен құтқарады.

## 2. Қазіргі кезде бұл шығарма несімен қызықты?

Моральдың жаңа негіздері Спинозаның «Этикасы» – адамгершілік міндеттерін «о дүниелік әлемнің» барлығынан туындататын морализмге тікелей қарама-қарсы ілім. Спиноза өз мораль теологияның негізінде құрудан үзілді-кесілді бас тартады. Сондай-ақ ол моральдың негізінде сыртқы немесе ішкі жазалаудың алдындағы үрей жатуы мүмкін деген оймен де келіспейді. Философтың пікірінше, Құдайды сот, монарх, яки әке деп елестету жалған, өйткені мұндай ұғым Құдайда адамдық кейіп бар дегенді меңзейді. Мұндай толғам саясат үшін де әділетті болар еді. Бұдан былай саясатты да теологияның негізінде құруға болмайды. Спиноза Гоббстың қоғам әділеттілік ұстанымдарына сүйенген қоғамдық келісімге негізделетіні, осының негізінде адамдардың ортақ әдет-ғұрыптарды ұстауға және құрметтеуге келісетіні туралы айтқан идеясын қолдайды. Философтың моральдық-философиялық көзқарастарының негізінде Болмыс идеясы жатыр. Болмыс – бүкіл жан мен материалдық денелердің жиынтығы. Болмыстың өзі – ақиқат. Өйткені ол тек өзіне ғана негізделеді және жалпыға ортақ, басынан



бар, тәуелсіз, оны ешкім жаратпаған. Болмыста нақты анықтамалар мен қалыпты шекараларға сыймайтын, Табиғаттың абсолютті және шексіз тәуелсіздігі айқындалады. Мұндай монизмді атеизм деп қарастыруға болады, өйткені Құдай әлемдегі барша тіршілік ретінде түсінілетін Табиғатпен теңестіріледі. Сонымен бірге осы атеизм моральды әсте теріске шығармайды. Неге?

Біз тілектің ізгілікті де, зұлымдықты да өзі анықтайтынына көз жеткіздік, өйткені тілек – ізгілікке ұмтылады, ал зұлымдықтан қашады. Өмір сүру, өз тіршілігіңде қайрат көрсетуді қалау. Спиноза осы тіршіліктің қозғалысы рақатқа, айрықша тәтті ләззатқа алып келеді, өйткені оның мақсаты – кемелдіктің өзі. Табиғаттағы Барлық мәнді тану арқылы ғана рақатты бастан кешіруге болады. Біздің көп замандасымыз осы көзқарасты қуаттайды. Олар «кемелдікті өзіңнен және өзің үшін іздеуге болады, бұл сыртқы бұйрықты талап етпейді» деген пікірмен де келіседі. Бүгінде көп адам этиканы дерексіз мағынадағы емес, мазмұнында адамның өз-өзімен және Табиғатпен үйлесімділікте болуға ұмтылысы көрініс тапқан, тәуелділіктен азат болу мен еркіндікке өрлеуі деп есептейді. Кейбір экологиялық ілімдерде бұл идея бар емес пе? Біз экология туралы сөз қозғағанда табиғи ресурстарды қорғау үшін құрылған саяси яки кәсіподақ қозғалысын емес, адамның қоршаған ортамен қатар, бүкіл адамзатпен тығыз қарым-қатынаста болатыны туралы түсінікті айтып отырмыз. Даналық қоршаған дүниені шексіз танудан тұрады. Еркіндікке өз қалауымызды әлеуметтік, биологиялық және табиғи мәнмен сәйкестендіргенде ғана қол жеткізуге болады. Қоғамдық институттарды адамның өзін-өзі қалыптастыруға көмектесетін құралы ретінде қарастырғанымыз жөн. Саясат рақатты әлі танымаған, өз құмарлығына құл сияқты тәуелді адамдарға жәрдем беру үшін ғана қажет. Даналыққа бастар жолға түскендерінше оларға тіршілік ету шеңберлерін сызып беру керек. Сондықтан саясат – өмір сүруге көмектесетін күш. Спинозаның пікірінше, қоғамдық институттар жекелеген индивидтерге тән ережелермен жұмыс істейді. Олардың тәуелсіздігі тіршіліктің өзінде қаланған тек еркіндік түрінде ғана бар болады. Әрқашан өзінің мүмкіндігін ашуға бағытталған олардың еркіндігі өз болмыстарынан табылады. Жеке тіршілік – тұтас жүйенің бөлшегі ретінде Спинозаның тұлға мен әлемнің тұтас жүйесінің өзара қарым-қатынасын анықтауға ұмтылысы әлі күнге дейін өзекті. Заманауи байланыс құралдары бізге қоршаған әлемнің тамыр соғысын тікелей сезінуге мүмкіндік береді. Теледидар, ұялы телефон, интернет және т.б. көмегімен біз әлемде болып жатқан оқиғаларды сол мезетте көріп-біле аламыз. Алайда тұлға мен тұтас әлемнің арасындағы қарым-қатынас туралы мәселе сол әуелдегідей өзекті болып қала бермек.

Жеке тұлға мен Барша тіршіліктің бірлігін қуаттайтын Спинозаның философиялық ілімі бізге априори идеялар болмайтын қазіргі заманғы этиканы қалыптастыруға көмектеседі.

Әлемнің жалпыға ортақ, бәрін біріктіруші рационализациясы болмыстың құрылымындағы ақиқатты теріске шығаратын сананың пайда болуын білдірмейді. Керісінше, оның мақсаты биік һәм ізгі, яғни адамның ең жоғары бақытын көздейді. Тән мен рухтың бірігуіне мүмкіндік беретін осы бақытқа таным арқылы жетуге болады. Ал бұл – танымның өзіне ғана бағытталған тар мақсат емес. Әлемді жүйеге келтіру – даналықтың құралы ғана. Дүниедегі жалғыз шынайы игілік болатын даналықтың мақсаты мүлдем бөлек. Тұтас Әлеммен бірігу өздігінен маңызды емес. Бұл – заттану мен тәуелділіктен құтылып, қуаныш пен еркіндікке жетудің құралы ғана. Білімге жол дегеніміз – кәміл бақытқа ие болудың тәсілі.